

ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



«Поэзиядағы  
Дулат Бабатайұлы  
дәстүрі және ұлттық  
тұтастық идеясы»

220 жыл

халықаралық ғылыми-  
тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

26 мамыр, 2022 жыл

Астана



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ТЕЛЕРАДИО  
ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ**

---

ХІХ ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы,  
дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған  
**«ПОЭЗИЯДАҒЫ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ  
ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ»**  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*(2022 жылдың 26 мамыры)*

**ӘОЖ 82.0**  
**ББК 83.3 (5Каз)**  
**П 62**

**Редакция алқасы:**

Қамзабекұлы Д., Омаров Б., Дүйсенғазы С., Кемеңгер Қ., Байгожина Д., Саурбаева А.

XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары: Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 182 б., қазақ, орыс.

**ISBN 978-601-337-793-3**

Жинақта XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары қамтылған. Конференция жинағында филология, тарих, журналистика салаларын зерттеуші ғалымдар, ҚР Парламент депутаттары, жазушылар және қоғам қайраткерлері және Татарстан ғалымдарының баяндамалары бар.

Басылым ЖОО және арнайы білім беретін мекемелердің оқытушыларына, сондай-ақ, филология және журналистика салаларына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.

**ӘОЖ 82.0**  
**КБЖ 83.3(5Каз)**

**ISBN 978-601-337-793-3**

Өзінің иесіне шабуыл жасаған «Тінейдің Сарықұсындай өзіңе-өзің шеңгел сал» деген қанатты сөз пайда болған», - деп, ғалым құс хикаясын осылай түсіндіреді. Тап сол күні қыран құс көзіне не іліксе де, түлкі түгіл, қасқырды алар еді. Алайда, биіктен қарағанда қалбаңдаған баладан басқа көзіне ештеңе көрінбеген соң, қайыруы жетіп, әбден бабына келген қыран ұрынарға қара таппағандықтан, ызаланып иесіне түседі. Тінейдің өзім жоқта алып шықпандар дегенінде үлкен мән жатыр. Құс зар күйіне келгенде, оның неден болса да тайынбайтынын, әрине кәнігі құсбегі жақсы біледі. Қажекен бұл аңызды Қыранды қайырудың жөнін білмейтін адамнан естіген болуы керек. Егер құс сырын жетік білетін құсбегілердің өз аузынан естігенде ғалым аңызды мүлде басқаша тұспалдар еді.

Қ.Жұмалиев өзінің объектісіне алған ақын-жырауларының қай- қайсысын зерттемесін мұрағат материалдарымен қоса, ел аузында есте қалған нұсқаларды да ерінбей-жалықпай жинап, өте жауапкершілікпен қараған. Ал ол заманмен салыстырғанда, қазіргі уақытта ескі мұраларды есте сақтап ауызша жеткізген адамдардың мүлде жоққа тән екенін ескерсек, ғалымның дер кезінде қимылдап, саналы түрде жіті қам жасағанын аңғару қиын емес.

Сонымен, қорыта келгенде, ғалымның Дулат туралы зерттеулері – өз құнын қашан да жоймайтыны асыл мұра.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дулат Бабатайұлы. Шығармалары мен тағылымы. (құр: Қ.Раев). – Алматы:Раритет, 2003. – 288 б.
2. Дулат Бабатайұлы. Шығармалары. (Құр.: С.Қорабай). – Алматы: Ана тілі, 2013.– 296 б.
3. Сүйіншәлиев Х. – «Құнттап зерттеуді керек етеді», «Қазақ әдебиеті», 1964, 12 июнь.
4. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. – Алматы. – 1967.
5. Жұмалиев Қ. «Қазақ әдебиеті» / Қазақтың ауыз әдебиеті мен ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. жазба әдебиеті, орта мектептің 8-классына арналған оқу. - Алматы. – 1943.

### **ШӘРІП АМАНТАЙ**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Түркітану кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

#### **ДУЛАТ ПЕН АБАЙ: ИДЕЯЛЫҚ - КӨРКЕМДІК САБАҚТАСТЫҚ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада зар заман әдебиетінің көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлының өз шәкірті – қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбайұлының шығармашылығына тигізген ықпалы жөнінде поэтикалық өлшемдер тұрғысынан сөз болады. Дулат шығармаларының мазмұны менпішініндегі дәстүрлі бояулардың және тың өрнектердің ұлы ақынның көркемдік кестесіне кірігу көріністеріне, олардың теңдессіз шеберлікпен қайта қорытылуы, жаңаша жаңғыртылуы сипаттарына назар аударылады. Екі ақынның туындылары олар өмір сүрген дәуір аясында қарастырылып, ел тіршілігін, ұлт болмысын, адамдар мінезін, т.б. бейнелеу ерекшеліктері, сондай-ақ идеялық, стильдік, тілдік даралықтары талданады.

**Түйін сөздер:** Абай Құнанбайұлы, Дулат Бабатайұлы, поэтика, қазақ қоғамы, ұлттық мінез.

**Кіріспе.** Абай алдындағы поэзия тарихында көркем санадағы дәстүршілдікті бұзып, дарашылдыққа бет бұрған ақын – Дулат Бабатайұлы. Ол бағзыдан келе жатқан үйреншікті поэтикалық қалыптың шеңберінен шығандап шығып, өмір құбылыстарын өрнектеуде, бүгінгі ғылым тілімен айтқанда, кәсіби әдебиетке тән авторлық, ақындық жеке қолтаңбасымен айырықшаланды.

Дәстүршіл ақындар бұрынғы ізбен, яғни дағдыға айналған шаблондар көмегімен жыр толғап жатқанда, оның:

Жыршының аты жыршы ма,

Әркімнен өлең жаттаса?! [1, 21], - деп жар сала оқшаулануы сол дәуірдегі әдепкі ұғымға қайшы, бірақ батыл қадам болатын. Ол өз ізашарлары секілді көбіне ауыз әдебиетіне тән дайын клишелерге, жаттанды топостарға иек артпай, сөзден соны соқпақ тартудың

қажеттігін елден ерек сезінді. Сөйтіп, жаңа поэтикалық өріске ұмтылып, Абай көтерілер биіккемықты баспалдақ болды.

**Зерттеу әдістері.** Мақалада Дулат пен Абай өлеңдерінің мәтіндерін қарастыру барысында салыстырмалы және жүйелі талдауларға жүгіндік.

**Зерттелу деңгейі.** Дау жоқ, Абай поэтикасының табалдырығына ең тақау тұрған сөз шебері – Дулат. Бұл тараптағы тақырыпты зерттеу мен зерделеудің көкейкестілігіне Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова, Р.Бердібаев, М.Мырзахметов сияқты көрнекті ғалымдар уақытында арнайы назар аударған болатын. Әдебиет сыншысы Т.Шапайдың: «Абайдың Бұқар, Шортанбай, Жанақтарға қатынасы Пушкиннің Державин, Жуковскийлерге ілтипатын еске түсіреді. Ал Абай мен Дулаттың қоян-қолтық ымыраластығы Пушкин мен Лермонтовтың шығармашылық тығыз байланыс, етене жақындастығына орайлас» [2, 154], - деген сөздері сол ортақ пайымның төңірегінде тоғысады.

**Талдау мен нәтижелер.** Тіл мамандарының түгендеуінше, Абай өз шығармаларында алты мыңдай сөзді қолданысқа қамтыпты. Оның ішінде «көз» сөзі тура да, тұспалды да мағынасы бар – 49 түрлі тіркесте кездеседі екен [3, 323]. Абайдың осы «көз» сөзін және бұл лексеманың «ой» сөзімен тіркесуінен туған – «ой көзі» деген метафоралық жұпты кәдеге жарату жайынқуалай қарастырғанда, біз еріксізден Дулаттың әдеби дүниесіне ораламыз.

Абай мысалдары мына секілді:

Көзінен басқа ойы жоқ,

Адамның надан әуресі [4, 168].

Көзі барлар ойының

Күлер к... ашқанға [4, 107]

Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,

Өмір сәуле көрсетер судай тұнық [4, 12].

Бұл үзінділердегі «ой көзі» тіркесін сауатты оқырманның қиналмай қабылдары хақ. Тек «Көзінен басқа ойы жоқ» деген сөйлем ғана санаға аздап салмақ салады. Сол себепті шығар, кейбір зерттеушілер бұл қатарды «Өзінен басқа ойы жоқ» деп қате жазып жүр. Ал расында оны «редакциялау», сөйтіп «көзді» – «өз» қылу қажетсіз... Жауап – Абайдың «Жетінші сөзінде»: «Жан бізді жас кезімізде билеп жүр екен. Ер жеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, *көзбен де жақсы қарамадық*, көңіл айтып тұрса, сенбедік. *Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық*. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық... Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. *Құр көзбенен көрген біздің хайуаннан неміз артық?..*» [5, 165]. Сонымен, мұнда «көз» сөзі физиологиялық функция атқаратын адам ағзасын білдіріп қана қоймай, өз бойына – ақылға ашылатын арнаны бағдарлаушы философиялық ұғымды да ұйытқан. Ендеше, «Көзінен басқа ойы жоқ» деген тіркес – Абай поэзиясында *надандықтың* бір номинациясы. Бұдан бұрынырақта Дулат өзінің кемсана кейіпкеріне былай дегізіпті:

Сөзім бар да, көзім жоқ,

Көзім жоқ деп жатпадым [1, 24].

Сондай-ақ, ол мұнымен іліктес:

Есерсоқ өңшең мастары,

Бұзақор, ойсыз жастары

Алжыды деп Дулатты,

Келеке етіп күлерсің.

Менің айтқан бұл сөзім,

Саналы болса **ой көзің**,

Өлең емес, жыр емес,

Басыңа түссе білерсің! [2, 14], - деген жолдарды жазған.

Алдыңғы екі тармақ Абайдың: «Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары» [1, 166], - дегенін еске түсірсе, одан әрі бізге керек – «Саналы болсаой көзің» дейтін қатардың да астары ашылады. Ол – Дулаттың Абайға тартқаншығармашылық сыбаға-сыйының бір белгісі.

Әрине, «жан» мен «тән» мәселесіне табан тірегенде, Абай Дулаттан «қара үзіп» кетеді. Адамның жүрек теңізіне, сезім орманына, ақыл қиясына тиесілі тылсымдарды нақты, нақышты әрі нәзік бейнелеуде ұлы ақынның ұтысы айқын. Мысалы, Дулат өз жұртына: «Бейнең қандай болды екен,/ Қарасаңшы бір мезгіл/ Қолдарыңа айна алып» [1, 16], - деп ашына ақыл айтса, Абай: «Жүректе айна жоқ болса,/ Сөз болмады өңгесі» [4, 166], - деп тереңнен тербейді. *Қолдағы айна* мен *Жүректегі айна* бейнелерінің арасы – «алты айшылық жол»; қайткенде де, бұл – Абай мен Дулатты бөліп тұрған белес. Дулат жырларындағы *мақтан* («Мақтан деген – алтын ер/ Арқасына талайдың/ Аяңшыл қылып батқан ғой»), *құмарлық, өсек, өтірік* («Құмарлық, тасқын, мақтан – жел, Өсек-өтірік – ұшқыны»; «Өсекші – тәңірі дұшпаны»; «Бәрінен де дауасыз/ Өсекті қайтіп бағайын?»), *күлкі* («Күле алмассың, қазағым,/ Бейпіл тыныштық күлкіңді»), т.б. сөздердің кейбірі өзінің этикалықкөрісі жағынан Абайдағыдай тамырын жайған категориалдық тұтастыққа жете алмағанымпен, сол түсініктерге тамызық болғаны сөзсіз.

Кез келген халықтың болмыс-бітімінің ерекшеліктері оның этнографиялық салт-санасын сипаттайтын өзіндік белгілерден аңдағайлап, атойлап тұрады. Көшпенділердің күнелтісінде ас ішіп, аяқ босату рәсімі араласқан бүкіл жағдайдың басқа қырларымен бірге, қыруар идеологиялық қызметі бар болатын. Осы жөнмен ойлағанда, қонақжай қазақы мінезге ұлттық тағамды тұтынудың, сол арқылы өзара сыйласудың әдеті мен әдебі аясында баға беруді қағыс қалдырған ақынымыз сирек. Мысалы:

Қайныңның пейілі жаман бай да болса,  
Мертіккен көрер бізден тай да болса.  
Кел, қатын, үйінді жық, біз көшейік,  
Бұл қымыз табылады қайда болса.  
...Атандым қырыққа жетпей құл-қу мешкей,  
Жарамас бұл арадан енді көшпей.

**Өске Торқаұлы** [6, 53].

Қонаққа бір керегі – ет пен қымыз,  
Бар болса, адал дәмің ауыз тигіз.

**Қобылан Бөрібайұлы** [6, 49].

Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген,  
Жақсыдан жаман туса оңбас деген.

**Шөже Қаржаубайұлы** [6, 109], т.с.с.

Байқасаңыз, ағайын арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілік, араздықпен алалық, қадір мен құрмет, жомарттық пен жоқтық, байлық пен байғұстық – бәрі-бәрі тамақ пен табақтың қатысынсыз қарастырылмауға қараған. Дулат пен Абай бұл халықтық стереотипті де өздерінше сарапқа салады. Шал ақын: «Қызығы жігіттіктің сол емес пе, аралап әрбір жердің дәмін татқан» [7, 124], - деуші еді, енді керісінше – «шаруа десе жиренбек, өсек десе сүйреңдеп, қымызандып қыдырып, бейпіл сөзге сыдырып» (Дулат) жалаңдаған жұртты жаңа заман жыршылары жүдә жақтырмайды. Олардың бір-бірімен ұштаса ұласып жатқан көзқарастары – Дулаттың «Май, май дейсің, май дейсің», «Қымыз құмар, сор құмар» [1, 53-54], Абайдың «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» [4, 223], «Осы қымыз қазаққа» [5, 108] атты өлеңдерінде өрнектелген. Елден ерек ойлайтын екі ақынның да шүйлігетіні – ет пен қымыз, дәлірек айтқанда, сол ас пен сусынға деген шектен шыққан құмарлық. Бұл да – дәстүрді бұзушылықтың, дағдыдан безушіліктің бір батыл амалы; сонымен қоса, дастарқандағы дәмнің қанау құралына айналғандығына қарсылық. Өйткені телміріп, тентіреп ел адақтаған кедей атаулы асы барға тәуелді күй кешті; керек кезінде оның қолшоқпары (Дулат: «Қымызы бар құтырса,/ Соқтығасың әркімге,/ Қарамай қара, ағына», тіпті малайы

(Абай: «Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген/ Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа») болуға дәрменсіздігінен дайын тұрды. Мұның аяғы – мәлім. Сонда не істеген абзал? Дулат: «Бар болса қолда айраның,/ Ірімшік, құрт, қаймағың»,/ Қанағат қылсаң болмай ма,/ Көксемей-ақ қымыз, ет?!», - десе, Абайдың ұсынатын ақылы: «Қызылшыл семіз, жаз қымыз /– Бір үлкен борыш басында,/ Жуасты мін де, айран іш,/ Жоқ немеге шатылма».

Дулат өлеңдерінің негізгі нысаналы мақсаты – «ар сатып («ар сату» тіркесі Абайға да ауысқан), қымыз ішкенше», яғни тентектік жолына түскенше, қазақтың «адам деген атақты» (Абайдың бір өлеңінде: «Адам деген даңқым бар») ақтайтын талапқа ұмтылуын тілеу. Ал Абайдың Дулаттан дамытылған жаңағы жырларында ет пен қымыз мәселесі ақынның *еңбек* туралы концепциясымен («Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,/ Малың болса, сыйламай тұра алмас ел»; «Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас»), *ұрлық* («Жылқыны аңдып ұры жүр/ Әр төбенің тасында», «Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас»), *мақтан* («Қымыз, семіз дегенің/ Бір мақтан ғой, жасырма./ Мақтан қума, керек қу,/ Ойсыздарға қосылма») жайындағы жан-жақты таным-түсініктерімен тығыз топталып, керемет кіріктірілген.

Абайдың тағы бір тосын тұжырымы – жылқыдан қойды жоғары қоюы: «*Ой көзімен қарасаң, Қойдан жылқы асыл ма*» Бізге таныс «ой көзімен» қарағанда, бұл байлам – дұрыс («Қойында ақша, қолда – қой, Күзетке оңай, шошынба!»). Әлбетте, «Шокпардай кекілі бар, камыс құлақтың» авторы жылқы тәрізді жануардың ұлт ұғымындағы кие, кепиетін терістеуден тысқары; тыңнан жаралған тұрмыстың «шаруа жию» (Дулат), «шаруа ойлау» (Абай) талаптары нақты өлеңнің мазмұн-міндетіне қарай оны солай сөйлеткен.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік типтер мен топтардың ара жігін ажыратып, мүсіндерін сомдап, мінездемелерін саралау бағытында да Абай ашқан көркемдік жаңалықтардың кейбірі Дулаттан жылға тартып жатады. Мысалы, Абай поэзиясында болыстың бейнесінен кем кескінделмеген жағымсыз кейіпкердің бірі – *пысық*. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде ақын оның болмысын былай бедерлейді:

Пысық кім деп сұрасаң –  
Қалаға шапса дем алмай,  
Өтірік арыз көп берсе,  
Көргендерден ұялмай.  
Сыбырдан басқа сыры жоқ,  
Шаруаға қыры жоқ,  
Өтірік, өсек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су.  
Ат-шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса «қу»... [4, 82].  
Ал Дулаттың пысығы мынау:  
Майырдың алса бұйрығын,  
Борбайға қысып құйрығын,  
Ел пысығы жортады.  
Өзі елді қорқытып,  
Онан өзі қорқады,  
Алдына түсіп томпаңдай [1, 41].

Екі ақындағы пысықтардың арасында айырма бар ма? Сөз жоқ, бар. Дулат дәуірінің пысығы – орыс мекемесіндегі майырдың тапсырмасын тікелей орындаушы одыраңбай, бәлкім, болашақта: «Оңашада оязға/ Мақтамаймын елімді, /Өз еліме айтамын/ Бергем жоқ деп белімді», - деп өзін-өзі масқаралайтын Абай болысының атасы яки әкесі. Ал Абай мезгіліндегі пысық – ел атқамінерлерінің көлеңкесінде көлбеңдеп, ағайын арасын «қу тілмен құтыртып» алалап жүрген, пайдаға бойұрғыш, пиғылы бұзық бейшара біреу. Міне, «пысық» деген атау алған жіктің заманнан заман озғанда жетілу, жаңару жолы осы. Әрине, Дулат пен Абайдың пысықтарын ортақтастыратын жайт та жоқ емес, ол – аңдысқан антұрғандар мен

алданғыш аңғалдарды айтақтау арқылы екі арадан жем тауып, жоқ түгендеу айналасын меңгерген сұм-сұрқиямінез.

Біз Дулаттың «Би мен бекті жақтадым, / Бай, мырзаны мақтадым, Бәйбішенің мойнына/ Жырдан алқа таққаным» [1, 24] деген жолдарына жүгініп, оның образын «сарайдың мадақшысына», «феодалдықтың жыршысына» балаумен болдық. Бұл – түбірімен қате қорытынды. Мысалға алынған майлағыш, мәймөңке сөздер Дулаттың өзіне қатыссыз, монологты мінездеуге құрылған сатиралық туындының қаһарманы – азған қазақ қоғамының қолпашқұмар, қошеметшіл ақынына тиесілі (Егер «Болыс болдым, мінеки» немесе «Ойға түстім, толғандым» өлеңдеріндегі болыс пен пысықты Абайдың өз бейнесіне телісек не болар еді?!). Сонда әлгі жыр үзіктері «мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» (Абай) күнелткен өлеңшілерді әдейі әшкерелеу, тұқырта терістеу болып шықпай ма?! Осы пікірінде Дулат, жоғарыда айтқанымыздай, Жанақпен, Түбекпен, Шөжемен ат құйрығын кесіседі; бұл жерде де ол – Абайдың алды. Өлеңге қарасты өлшесек, Абайлық мағынадағы «сөз ұғу» тіркесі мен Абайлық мәндегі «Ел құлағы саңырау, Кімге айтамын сөзімді?» деген сергелден сауалды да алғаш рет Дулаттан ұшырататынымызды айта кеткен абзал.

**Қорытынды.** Дулат пен Абайдың арасындағы кейде жалғаспалы, кейде жарыспалы – жарасымды қарым-қатынасты көзге көрінерлік сыртқы үйлесім-үндестіктер ғана емес, бірден байқалып-байыптала бермейтін кейбір көркемдік, көзқарастық сабақтастық та растайды.

Рух айғақтары, мінез құбылыстары, жұрт тағдыры мен әлеуметтік жіктер, тірлік пен тұрмыс реалиялары және тағысын-тағылар – бұлардың қай-қайсысының да шығармашылық объект ретіндегі идеялық-поэтикалық интерпретациялары Дулаттан Абайға қарай тыңая тереңдеп, түрлене тұтасып, күрделене, көріктеле береді.

Түптеп келгенде, Дулат пен Абайдың өнернамалық байланысы алуан арналы, сан салалы.

Ең ақыры, екі ақынның да әлемдік «Ескендірнамаға» үн-үлес қосып, бірінің «Шаштараз», келесісінің «Ескендір» атты поэмаларды дүниеге келтіруіде – назар аударалық нәрсе.

«Дулат-Абай» тақырыбы төңірегінде поэтика тұрғысынан қаузайттын мәселе мол. Біз оның кейбіріне ғана тоқталдық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Зар заман: Жыр-толғаулар (Құрас. С.Дәуітов). – Алматы: Жалын, 1993. - 176 б.
2. Шапай Т. Анық Абай// Жұлдыз. – 1999. - №2. – Б.138-160.
3. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі//Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
4. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.1. – 336 б.
5. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.2. – 384 б.
6. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 320 б.
7. Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық (Құрас. М.Мағауин, М.Байділдаев). –Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б.

### **ЗӘКЕНҰЛЫ ТҰРСЫНХАН**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Шығыстану кафедрасының профессоры,*

*тарих ғылымдарының докторы*

### **ЕЛІМ ДЕП ЕМІРЕНГЕН, КҮҢІРЕНГЕН**

«Кеудеме қайғы толған соң, тұнық жырмен жуынам» деп шын сырын жайып айтатын Дулат ақын XIX ғасырдың басында ескі мен жаңаның, хандық жүйе мен отарлық жүйенің өліарасында өмір сүрген тағдырлы тұлға. Ол кезде «Шығыстың сілемі Сандықтас, Ақжайлаудан Дулат шықса, Жайық жағасынан Махамбет шықты» (Ғ. Шөкерұлы). Ол Қазақ даласында хандық жүйе жойылып, аға сұлтандық жүйе орнаған 1822 жылдары 20 жасқа